

Есбол орта мектебі бойынша 1-11 сыныптарда білім алып жатқан аз қамтылған және бастауыш сынып оқушыларын Жалпыға міндетті білім қоры бойынша тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы

29 тамыз 2024 жыл

Х А Т Т А М А №1

Қатысқандар:

Комиссия төрағасы: **Олжағалиев Алибек** - мектеп директоры

Комиссия мүшелері: **Шинибаева Зергүл** – ата-ана комитеті төрайымы
Саликова Эльза – кәсіподақ ұйымының төрайымы
Батырғалиева Гүлжайна – мектеп директорының ТІО
Маукенова Рая – шаруашылық меңгерушісі
Төреғалиева Айсана – әлеуметтік педагог
Нуримова Гүлнұр – мектеп медбикесі

Күн тәртібі :

1. Қамқоршылық пен қорғаншылықтағы, толық емес отбасында тәрбиеленетін, аз қамтылған, көпбалалы отбасынан шыққан 1-11 сыныптарда оқитын және бастауыш сынып оқушыларын тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету;
2. Мектеп асханасының жұмысы мен күн тәртібін белгілеу және сақтау;

Тыңдалды:

1. *Айсана Төреғалиева – әлеуметтік педагог.* **Қамқоршылық пен қорғаншылықтағы, толық емес отбасында тәрбиеленетін, аз қамтылған, көпбалалы отбасынан шыққан 1-11 сыныптарда оқитын және бастауыш сынып оқушыларын тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету;**

– Жаңа оқу жылында мектебімізде 146 оқушыны құрады. Мектепте тегін ыстық тамақты ұйымдастыру мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығы 10-қосымшасының «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметті көрсету қағидасын басшылыққа ала отырып мектепшілік бұйрық шығарылды. Мектепте мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне сәйкес құжаттар жинақталып, журналға толтырылды. Сонымен қатар, мектепте тегін ыстық тамақпен қамтылатын оқушылар тізімі бекітіліп, құжаттар рәсімделіп, ыстық тамақ ішетін оқушылардың тізімі бекітілді.

Қыркүйек айы бойынша ыстық тамақ ішетін оқушылардың саны 91-ді құрап отыр. Оның ішінде 1-4 сынып оқушыларының саны 57 болса, 5-11 сынып оқушыларының саны 34-ті құрайды.

2. Мектеп асханасының жұмысы мен күн тәртібін белгілеу және сақтау

Асханада барлық санитарлық-гигиеналық талаптар сақталған. Нақтырақ айтсақ, асханаға арнайы санитарлық нормаларды сақтау туралы белгілері, антисептиктер орнатылған. Оқушылардың асханада көп шоғырлануын болдырмау мақсатында оқушылардың ыстық тамаққа баруы 2 уақытта ұйымдастырылды. Мысалы:

I үлкен үзіліс 10:05 – 10:20

1-4 сынып оқушылар үшін

II үлкен үзіліс 11:55 – 12:10

5-11 сынып оқушылары үшін

Оқушылардың тамақтану кестесіне сәйкес уақытылы тамақтануы және күнделікті берілетін тамақтың сапасы, құрамы, температурасы әлеуметтік педагог пен мектеп мейірбекесі бақылап, тексеріп отырды. Әсіресе, оқушылардың денсаулығына қауіпті астардың болдырмауы мен уланудың алдын алу үшін мектептің әлеуметтік педагогы мен мейірбекесі күнделікті мәзірден сынама жүргізеді. Сонымен қатар, асхананың жалпы тазалығы, қол жуатын орынның талапқа сай болуы, асханада тиым салынған заттардың сатылымға шықпауы және асхана қызметкерлерінің жай-күйі мен санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуы (арнайы киім формасының болуы, тазалығы т.б.) бақылауда ұсталынады және кемшілік байқалған сәтте ескертулер беріледі. Асханада қол жуатын орында сабын, асхана залында ас мәзір бұрышы, ата-аналардың арыз-шағым, ұсыныс жазатын журналдары бар.

Қаулы етеді:

1. Ата-аналардан келіп түскен өтініш негізінде жалпыға бірдей білім беру қорынан тегін ыстық тамақпен қамтылатын оқушылар тізімі бекітілсін.

2. 2024-2025 оқу жылында асхана жұмысы барлық санитарлық талаптарға сай ұйымдастырылсын.

Комиссия төрағасы: **Олжағалиев Алибек** - мектеп директоры

Комиссия мүшелері: **Шинибаева Зергүл** – ата-ана комитеті төрайымы

Саликова Эльза – кәсіподақ ұйымының төрайымы

Батырғалиева Гүлжайна – мектеп директорының ТІО

Маукенова Рая – шаруашылық меңгерушісі

Төреғалиева Айсана – әлеуметтік педагог

Нуримова Гүлнұр – мектеп медбикесі

Мектеп директоры



А.Қ. Олжағалиев